

## **Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлік объектілерін бағамдауды жүзеге асыру құқығына лицензиялар беру тәртібі туралы уақытша ереже**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрінің 4 мамырдағы 1994 жылғы қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 23 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 13. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

### **I. Жалпы ережелер**

1.1. Уақытша ереже "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 U931344\_ Жарлығына сәйкес талдап жасалды.

1.2. Уақытша ереже жылжымайтын мүлік объектілерін бағамдауды жүзеге асыру құқығына лицензиялар беру, тәртібін, сондай-ақ лицензияланатын субъект жауап беруге тиісті талаптарды белгілейді.

1.3. Жеке тұлғалар жылжымайтын мүлік объектілерін бағамдауды жүзеге асыру құқығына лицензияланатын субъектілер бола алады.

1.4. Лицензияларды иеленушілер лицензияларда айтылған барлық құқықтарға ие болады және тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлік объектілерін бағамдауды жүзеге асыру құқығына шарттар жасасу құқықтары бар.

1.5. Мемлекеттік компания берген лицензиялар Қазақстан Республикасының тиісті аумақтарда /облыстарында/ қолданылады.

1.6. Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлік объектілерін бағамдауды жүзеге асыру құқығына біржолғы лицензия 12 айға дейінгі мерзімге беріледі.

1.7. Лицензия төлем үшін беріледі, оның мөлшері Қазақстан Республикасының Құрылысмині белгілеген тәртіпте анықталады. Және өтініш жасаушы мүмкіншіліктеріне сараптама жүргізуге, лицензияны ресімдеуге және оның пайдалануын бақылауды жүзеге асыруға арналған шығындарды қамтиды. Төлем оны жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі мемлекеттік компанияның бюджеттен тыс шотына аудару жолымен біржолғы алым түрінде ұсталады.

1.8. Лицензияның қолданылу мерзімінің өтуіне қарай оның күші жойылады және жарамсыз деп есептеледі.

### **II. Лицензияларды беру тәртібі**

2.1. Жылжымайтын мүлік объектілерін бағамдауды жүзеге асыру құқығына лицензия алғысы келген маман /жеке тұлға/ мемлекеттік компанияға немесе облыстық тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі

басқармаға жазбаша жүгінуге тиіс, олар маманға бағамдау жұмысын жүргізуге лицензия беру мерзімдері мен жағдайлары туралы қажетті ақпараттар береді.

Өтінішке маманның біліктілік деңгейін сипаттайтын материалдар мен құжаттар, соның ішінде:

сертификат немесе жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі курстарды бітіргені туралы белгіленген мемлекеттік нысандағы немесе халықаралық тұрғыдан қолданылатын нысандағы куәлік;

Жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі мемлекеттік компания ұйымдастыратын лицензия алуға білім даярлығы бағдарламасын өткендігі туралы куәлік көшірмелері;

тұрғын үй саласында бағамдау жүзеге асырылатын ықтималды жылжымайтын мүлік объектілерінің тізбесі;

лицензия алу үшін бір мезгілді алымды төлегені туралы төлем қағазы қоса беріледі.

Өтініш жасаушы /жеке тұлға/ лицензия беру өтініміне қосылған мәліметтердің дәлме-дәлдігіне жауап береді.

2.2. Берілген құжаттар осы Уақытша ереженің 2.1. тармағының талаптарына сай келмеген ретте жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі мемлекеттік компанияның арнаулы комиссиясы қосымша мәліметтер беру қажеттігі немесе қарау үшін құжаттарды қабылдаудан дәлелді бас тарту туралы өтініш жасаушыны жазбаша түрде хабардар етеді.

2.3. Маман /жеке тұлға/ мүмкіншілігінің жұмысты орындау талаптарына сай болуын бағалауды сараптама комиссиясы анықтайды және хаттамалармен ресімделеді, олардың негізінде Мемлекеттік компания лицензия беру туралы шешім қабылдайды.

Сараптама комиссиясының құрамы және лицензияны беру туралы шешім мемлекеттік компания бойынша бұйрықтар /өкімдермен/ ресімделеді.

2.4. Құжаттарды Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі мемлекеттік компания алған күннен 30 күндік мерзімде олар қаралады.

2.5. Тиісті шешім қабылданғаннан кейінгі 7 күндік мерзімде маманға лицензия беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешім тапсырылады.

2.6. Лицензия N 1 қосымшада аталған нысан бойынша, екі дана етіп, ресімделеді, олардың бірі маманға - өтініш жасаушыға беріледі, екіншісі - лицензияны берген Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі мемлекеттік компанияда сақталады.

Лицензияға Қазақстан Республикасы Құрылысминінің Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі мемлекеттік компаниясының бас директоры /орынбасары/ қол қояды.

2.7. Лицензияларды беру барысында олар N 2 қосымша нысаны бойынша к і т а п т а т і р к е л е д і .

2.8. Әрбір маман-өтініш жасаушы бойынша арнаулы іс қалыптастырылады, оған лицензия алу үшін ұсынылған құжаттар, сараптама комиссиясының хаттамасы /хаттама көшірмесі/, лицензиялар беру туралы мәселені қарау нәтижелері бойынша бұйрықтар /өкімдер/ көшірмелер, лицензияның екінші данасы, сондай-ақ лицензияны орындау барысын бақылау материалдары енгізіледі.

### **III. Лицензияны иеленушінің негізгі құқықтары және міндеттері**

#### **3.1. Лицензияны иеленушілердің:**

Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлік объектілерін бағамдауды жүзеге асыру құқығына тапсырыс берушілермен шарттар жасасу;

бағамдау жұмыстарының жекелеген түрлері мен кезеңдерін орындау үшін осы уақытша ереже талаптарының сақталуына жауапкершілікті өзіне алатын қосымша орындаушыларды тарту;

лицензияны берген жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі мемлекеттік компанияға лицензия берілген жағдайдан елеулі түрде ерекшеленетін жағдайдың туындауы барысында оның шарттарын қайта қарау жөнінен жүгіну құқығы бар.

#### **3.2. Лицензияларды иеленушілер:**

тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлікті бағамдаушылар қызметі нысаны мен тәртібін анықтайтын, қолданылып жүрген әдістемелік және нормативтік құжаттар талаптарын, сондай-ақ лицензияларда аталған жұмысты орындау шарттарын сақтауға;

бағамдау жұмыстары барысында алған құжаттамаларының сақталуын қамтамасыз етуге;

Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі мемлекеттік компания мен облыстық басқармалардың талап етулері бойынша оларға лицензияларға енгізілген бағамдау жұмыстарын орындауға байланысты материалдарды беруге;

жылжымайтын мүлік объектілерін бағамдауды жүзеге асыру құқығына шарттар жасасу барысында алған лицензияларын тапсырыс жасаушыларға көрсетуге;

орындалған бағамдау жұмыстары материалдарының көшірмелерін жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі мемлекеттік компанияға тегін беруге міндетті.

### **IV. Лицензиялардың орындалуын бақылау**

4.1. Қазақстан Республикасы Құрылысминінің Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі мемлекеттік компаниясының

лицензиялардың орындалуын бақылау барысында лицензияға енгізілген жылжымайтын мүлік объектілерін бағамдау жөніндегі жұмыстарды орындауға байланысты кез келген құжатты талап етуге құқығы бар.

4.2. Жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі мемлекеттік компания бақылау барысында анықталған ағаттықтардың сипатына қарай берілген лицензияның қолданылуын мерзімінен бұрын доғару немесе тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды, ол бұйрықпен /өкіммен/ ресімделеді. Шаруашылық қызмет субъектісіне N 3 және N 4 қосымшалар нысандары бойынша тиісінше ұйғарымама беріледі.

4.3. Лицензиялардың қолданылуын мерзімінен бұрын доғару туралы шешімдер:

маман лицензияда белгіленген шарттарды орындамаған; тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлікті бағамдаушылар қызметі тәртібін белгілейтін, қолданылып жүрген нормативтік және әдістемелік құжаттардың талаптарын сақтамаған реттерде қабылданады.

Қазақстан Республикасының Құрылыс,  
тұрғын үй және аумақтарда құрылыс  
салу министрінің орынбасары

N 1 қосымша

**Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлік объектілерін  
бағамдауды жүзеге асыру құқығына  
Л И Ц Е Н З И Я**

**/арнаулы рұқсаттама/**

Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі мемлекеттік компаниясының 199\_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ бұйрығымен /өкімімен/ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ /маманның фамилиясы, аты-жөні/  
тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлік объектілерін бағамдауды жүзеге асыру құқығы беріледі.

Лицензия қолданылатын аумақ: \_\_\_\_\_

" \_\_\_\_\_ Лицензияның қолданылу мерзімі: \_\_\_\_\_ дейін

Айрықша жағдайлар: \_\_\_\_\_

Лицензияны иеленушінің қосымша құқықтары мен міндеттері: \_\_\_\_\_

Маманның мекен-жайы: \_\_\_\_\_

N \_\_\_\_\_ лицензия \_\_\_\_\_ береді  
Алматы қаласы Берілген күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын  
үй және аумақтарда құрылыс салу  
министрлігінің Тұрғын үй саласындағы  
М.О. \_\_\_\_\_ жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі

қолы мемлекеттік компаниясының бас директоры

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_  
/фамилиясы, аты-жөні/

N 2 қосымша

**Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлік  
объектілерін бағамдауды жүзеге асыру құқығына  
лицензияларды /арнаулы рұқсаттамаларды/беруді тіркеу  
КІТАБЫ**

Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлік объектілерін бағамдау  
жөніндегі мемлекеттік компания

1 . N

2. Маманның жеке тұлғаның фамилиясы, аты-жөні

3. Лицензия нөмірі мен берілген күні

4. Лицензияны беру туралы бұйрық нөмірі және күні

5 . Т і р к е у н ө м і р і

6. Орындалатын бағамдау жұмыстарының түрі

7. Лицензияны алушының қолы

8. Лицензияны иеленушінің мекен-жайы

9. Лицензия берген адамның фамилиясы, аты-жөні, лауазымы

1 0 . Қ о л ы

11. Лицензияның қолданылуын доғару немесе мерзімін ұзарту

т у р а л ы б е л г і

12. Қолы

N 3 қосымша

**Лицензияның қолданылуын тоқтату туралы  
ҰЙҒАРЫМНАМА**

Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда  
құрылыс салу министрлігінің Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын  
мүлікті бағамдау жөніндегі мемлекеттік компаниясының 199 \_\_\_\_\_  
жылғы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ бұйрығының /өкімінің/ негізінде тұрғын үй  
саласындағы жылжымайтын мүлік объектілерін бағамдауды жүзеге  
асыру құқығына 199 \_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ берілген N

лицензияның қолданылуы тоқтатылады.

Лицензияның қолданылуы: \_\_\_\_\_  
/қабылданған шешімнің дәлелді  
\_\_\_\_\_ тоқтатылды.  
негіздемесі/

\_\_\_\_\_ ұсынылады.  
\_\_\_\_\_ жойылсын.  
/кемшіліктер тізбесі/  
Лицензияның қолданылуы 199\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ дейін тоқтатылады.  
М.О. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
фамилиясы, аты-жөні

№ 4 қосымша

### Лицензиялардың қолданылуын доғару туралы ҰЙҒАРЫМНАМА

Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің Тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлікті бағамдау жөніндегі мемлекеттік компаниясының 199\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығының /өкімінің/ негізінде тұрғын үй саласындағы жылжымайтын мүлік объектілерін бағамдауды жүзеге асыру құқығына 199\_\_ жылы \_\_\_\_\_ берілген № \_\_\_\_\_ лицензияның қолданылуы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қабылданған  
\_\_\_\_\_ себептері бойынша доғарылады.  
шешімнің дәлелді негіздемесі

М.О. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ /фамилиясы, аты-жөні/